

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Zhanibekov
UNIVERSITY

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық
университетінің Басқарма төрағасы –
Ректордың ұстазы *Zhanibekov* Г.І. Сугирбаева



«Қазіргі білім беру жағдайында тарих пәні мұғалімінің кәсіби
күзыреттілігін дамыту» біліктілік арттыру курсының

БАҒДАРЛАМАСЫ

Оқу мерзімі: 2 апта

Жалпы сағат саны: 80

Шымкент 2025 ж.

Бағдарлама «Тарих және педагогика» факультетінің кеңесінде қаралып, Ғылыми кеңеске талқылауға ұсынылды.

Хаттама № 5 « 24 » 12 20 24 жс.

Білім беру бағдарламасы университеттің Ғылыми кеңесінде қарастырылып, Басқармаға бекітілуге ұсынылды.

Хаттама № 9 « 08 » 04 20 25 жс.

Білім беру бағдарламасы Басқармада бекітіліп қолданысқа енгізілді.

Хаттама № 4 « 14 » 04 20 15 жс.

Келісілген:

Басқарма мүшесі –

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Кудышева А.А.

Академиялық істер департаментінің директоры Бердалиев Д.Т.

Тарих және педагогика факультетінің деканы Таутаева Г.Б.

Үздіксіз білім беру орталығының басшысы Бегалиева Р.Н.

Бағдарламаны құрастыру бойынша жұмысшы тобы

№	Аты-жөні	Қызметі	Байланыс деректері
1	Орыпбасарова Гулжан Жаксымбетовна	т.ғ.к., аға оқытушы	87755343460
2	Абдиханова Алима Жангазиевна	т.ғ.к., аға оқытушы	87779167180
3	Баймаханов Бекжигит Кубеевич	т.ғ.к., аға оқытушы	87073999583

Қысқартулар

ОӘК – оқу-әдістемелік кешен

ТӨЖ – тыңдаушының өзіндік жұмысы

ЕББҚ – ерекше білім беру қажеттілігі

АКТ - ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

ЖИ- жасанды интеллект

1. Жалпы ережелер

Педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы «Қазіргі білім беру жағдайында тарих пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» (бұдан әрі – Бағдарлама) негізгі, орта білім беретін мектептердегі тарих пәні мұғалімдерін оқытуды реттейді.

Бағдарлама заманауи білім беру тәсілдері мен кәсіби дағдыларын қолдану тарих пәні мұғалімдерінің кәсіби білім деңгейін және кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы негізгі, орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету бойынша тарих пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

2. Глоссарий

Бағалау – оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл.

Блум таксономиясы – сыни ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларын кеңінен қолданатын иерархиялық модель.

Визуализация - деректерді түсіну максималды оңталы болу үшін мәліметтерді көрнекі-бейнелі ойға ауыстыру процесі.

Дифференциация – білім алушылардың білім беру қызметін ұйымдастыру, білім мазмұнын, формаларын, әдістерін, қарқынын, көлемін таңдау арқылы әр білім алушының білімді игеруіне оңтайлы жағдайлар жасалады; білім беру жүйесінің әртүрлі білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағыттылығы.

Кәсіби құзыреттер – шешілуі маманның міндетіне кіретін мәселелер шеңбері.

Инклюзиялық оқыту – ерекше білім алуды қажет ететін, білім алу барлығына да қолжетімді деген қағидатқа негізделетін оқыту. Оқытуды оқушылардың түрлі қажеттіліктеріне, соның ішінде ерекше қажеттіліктеріне бейімдеу.

Креативтілік – индивидтің дәстүрлі немесе көпшілік қабылдаған идеялардан ауытқытып, түбегейлі жаңа идеяларды қабылдау мен жасауға дайындығымен ерекшеленетін және тәуелсіз фактор ретінде дарындылық құрылымына кіретін шығармашылық қабілеті, сондай-ақ проблемаларға өзгеше қарап, оларды ерекше тәсілдермен шешу қабілеті.

Критериалды бағалау – белгіленген критерийлер негізінде, білім беру процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі, нақты анықталған, ұжымдық түрде әзірленген, білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі.

Креативті ойлау - мәселені шешу, жаңа идеялар ойластыру немесе ерекше жаңа туындыны дүниеге әкелу.

Педагогтің кәсіби құзыреттілігі – мұғалімнің педагогикалық қызметінің қалыптасуын, педагогикалық қарым-қатынасын және белгілі бір құндылықтарды, идеалдар мен педагогикалық сананы тасымалдаушы ретінде мұғалімнің тұлғасын анықтайтын қажетті білім, білік және дағды жиынтығын меңгеруі.

Педагогикалық қызмет - педагогикалық процесте оқушының жеке басын тәрбиелеу, дамыту және өзін-өзі дамыту үшін оңтайлы жағдайлар жасауға және өзін еркін шығармашылықта барлық мүмкіндіктерін таңдауға бағытталған кәсіби қызмет.

Рефлексия – ой-елегінен өткізу, іс-әрекетті өзіндік талдауы және оның нәтижесі.

Сабақты зерттеу - педагогикалық практиканы дамыту мақсатында топтағы бірлескен кәсіби даму моделі.

Сыни ойлау – ақпаратты логика тұрғысынан талдау қабілеті, негізделген пікірлерді, шешімдерді шығару және алынған нәтижелерді стандартты, сондай-ақ стандартты емес жағдайларға, мәселелер мен мәселелерге қолдану қабілеті.

Кері байланыс – түсіндірілетін материалдың игерілу деңгейі туралы ақпарат, белгілі бір әрекетті немесе оқиғаны түсіну, игеру деңгейін анықтай отырып, білім алушының бойындағы өзгерістерге қатысты мұғалімге басқару тетігін тез өзгертуге мүмкіндік беретін түсінік.

Ықшам сабақ – педагогтердің дағдысын жоғарғы сатыға көтеру мақсатында оларға қолдау көрсету әдісі. Педагогтер үшін бихевиоризм тұжырымдамасына негізделген іскерлік психологиялық тренинг.

Lesson Study – білімді жетілдіруге бағытталған, сабақ зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл. Жапон білімінен бастау алып, сонда кәсіби дамудың кең таралған тәжірибесі болып табылады.

STEM: Scienc – ғылым, Technology – технология, Engineering – инженерлік іс, Math – математика.

STEM білім – жаңа технологияларды дамытуға, инновациялық ойлауға, жақсы дайындалған инженерлік кадрларға деген қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған ғылымды біріздендіру.

Smart-learning – бұл икемді оқыту, бұл көптеген дереккөздердің болуын, мультимедияның максималды әртүрлілігін (аудио, видео, графика), мобильді құрылғылардың көмегімен тыңдаушының деңгейіне және қажеттіліктеріне тез және оңай бейімделуге мүмкіндік береді.

STEAM оқу – бұл жобалық және оқу-зерттеу қызметін мектепте, мектептен тыс уақытта жүзеге асырудың бір бағыты, аралас оқыту ортасын білдіреді және оқушыларға ғылыми әдісті күнделікті өмірде қалай қолдануға болатындығын көрсетеді.

SMART – жеке тұлғаның ерекшеліктерін ескере отырып жеке тұлғаны ынталандырудың, бейімделудің, ресурстарға еркін қолжетімділіктің,

технологияларды пайдаланудың білім беру бағытын көрсететін өзіндік Self-directed бағытталған, Motivated ынталандырылған, Adaptive адаптивті, Resourcefree ресурстық, технологиялық тұрғыдан жасалған сөздерінің қысқартылуы.

3. Бағдарламалар тақырыптары

Модуль 1 Білім беру процесінің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық әдістемелік негіздері	Педагогтің кәсіби-шығармашылық қызметіндегі білім беру процесін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін нормативтік құжаттар
Модуль 2 Тәрбие және психологиялық-педагогикалық зерттеу аспектілері	2.1. Ұлттық тәрбие мен білім берудегі «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» тұжырымдамалық негізі
	2.2. Оқу –тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда ұлттық құндылықтар мен тәрбиенің бірізділігі. Білімалушылардың бойында қалыптасатын дағдылар мен құндылықтардың маңыздылығы және оның тәрбиелік ықпалы
	2.3. Табысты оқыту аясында сыныптағы ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы саралап оқыту жағдайында психологиялық-педагогикалық зерттеуді жүзеге асыру.
Модуль 3 Білім беру сапасын арттыру контекстінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру	3.1. Әр түрлі сыныптарда тарихты оқытудың тәсілдерін қалыптастырудың әдістемелік жолдары
	3.2. Мұғалімінің пәндік-құзыреттіліктерін дамытуда белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану
	3.3 Оқытудағы пәнаралық байланысты жүргізудің әдістемесі
	3.4. Тапсырмаларды орындату арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары
	3.5. Білім сапасын арттырудағы диалогтік оқытудың рөлі және білімалушылардың коммуникативтік құзыреттілігін арттыру әдістері
	3.6. Тарих пәнінде STEM оқыту құралдарын пайдалану
	3.7. Тарихи құжаттармен жұмыс істеу әдістері
	3.8. Инклюзивті білім беруде мұғалімнің оқыту тәсілі және нәтижеге бағытталған білім беру мазмұны

	3.9. Оқушыларда тарихи процестің заңдылықтарын түсінуін қалыптастыру
	3.10. Педагогикалық іс-әрекеттегі рефлексияның рөлі
	3.11. Lesson study сабақты жоспарлау және өткізудің тиімділігі
	3.12. «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәнінің мазмұны бойынша ғылыми жобалар мен зерттеулерді ұйымдастыру.
Модуль 4. Педагогтардың ІТ-құзыреттілігін дамыту	4.1. Қашықтан оқыту сервистері: Zoom, Microsoft Teams, Google Meet, Free Conference, BlueJeans және т.б., oріq.kz, Daryn.online, Online Mектеp және т.б., АіТuЬе медиахостингтің, YouTube бейнехостингтегі бейнересурстарын және ЖИ оқыту технологияларын пайдалану.
	4.2 Тарих пәнін оқыту үшін цифрлық ресурстарды пайдалану жолдары
Модуль 5 Педагогтің кәсіби қызметінің нәтижелерін ұсыну, зерттеу дағдыларын қалыптастыру және	5.1. Авторлық білім беру бағдарламаларын әзірлеу. Ғылыми жобалар әзірлеу.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

Мақсаты: білім беру сапасын арттыруда теориялық білім мен практиканы жан-жақты ұштастырып, оқытудың тиімді формалары мен әдістерін қолдану арқылы тарих пәні мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін жетілдіру.

Міндеттері:

- педагогтердің қызметін реттейтін нормативті-әдістемелік құжаттар мазмұнын жетік меңгерту;
- тиімді оқыту барысында оқу –тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру үшін ұлттық құндылықтар мен тәрбиенің бірізділігін айқындау;
- сапалы білім беруде цифрлық технологияны қолданып, бейнесабак әзірлеудің әдіс-тәсілдерімен таныстыру;
- зерттеу жұмыстарын жоғары деңгейде орындау дағдыларын қалыптастыру;
- білім алушылардың функционалдық сауаттылығының қалыптасқандық деңгейін анықтауға арналған тапсырмалар құрастыру дағдысын дамыту.

Күтілетін оқу нәтижелері:

1) білім берудің тұжырымдамалық негізі туралы теориялық білімдерін кеңейтеді, білім берудің негізгі талаптары мен бағыттарын түсінеді;

2) заманауи білім берудегі педагогикалық технологиялар мен интербелсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін қолданудың әдістемесін үйренеді;

3) тарихты зерттеудің әдіснамалық және тұжырымдамалық негіздерін қолданады;

4) тарихи ақпаратты оңтайлы таңдау үшін дереккөздермен аналитикалық және салыстырмалы жұмыс әдісін қолдана алады;

5) оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда заманауи әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, практикалық сабақтарды тиімді өткізуді жетілдіреді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

№	Сабақтың тақырыптары	Дәрістер	Вебинар	Тәжірибелік сабақ	Жоба	Семинар	Тыңдаушылардың өздігінен білім алуы	Тренинг	Барлығы
1	Модуль 1 Білім беру процесінің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық әдістемелік	2		2					4
1.1	Педагогтің кәсіби-шығармашылық қызметіндегі білім беру процесін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін нормативтік құжаттар.	2		2					4
2	Модуль 2 Тәрбие және психологиялық- педагогикалық зерттеу аспектілері	3				3			6
2.1	2.1 Ұлттық тәрбие мен білім берудегі «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» тұжырымдамалық негізі	1				1			2

2.2	2.2 Оқу –тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда ұлттық құндылықтар мен тәрбиенің бірізділігі. Білім алушылардың бойында қалыптасатын дағдылар мен құндылықтардың маңыздылығы және оның тәрбиелік ықпалы	1				1			2
2.3	2.3 Табысты оқыту аясында сыныптағы ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы саралап оқыту жағдайында психологиялық-педагогикалық зерттеуді жүзеге асыру.	1				1			2
3	Модуль 3 Білім беру сапасын арттыру контекстінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру	12	8	10	6	10	2	6	54
3.1	Әр түрлі сыныптарда тарихты оқытудың тәсілдерін қалыптастырудың әдістемелік жолдары	1		2					3
3.2	Мұғалімнің пәндік-құзыреттіліктерін дамытуда белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану	1				2	1		4
3.3	Оқытудағы пәнаралық байланысты жүргізудің әдістемесі	2				2			4
3.4	Тапсырмаларды орындату арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру		2			2			4
3.5	Білім сапасын арттырудағы диалогтік оқытудың рөлі және білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін арттыру әдістері	2				2			4
3.6	Тарих пәнінде STEM оқыту құралдарын пайдалану		2		2			2	6
3.7	Тарихи құжаттармен жұмыс істеу әдістері	1		2					3
3.8	Инклюзивті білім беруде мұғалімнің оқыту тәсілі және нәтижеге бағытталған білім беру мазмұны	1	2			2		2	7

3.9	Оқушыларда тарихи процестің заңдылықтарын түсінуін қалыптастыру	1		2			1		4
3.10	Педагогикалық іс-әрекеттегі рефлексияның ролі	1		2				1	4
3.11	Lesson study сабақты жоспарлау және өткізудің тиімділігі	1	2		2			1	6
3.12	«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәнінің мазмұны бойынша ғылыми жобалар мен зерттеулерді ұйымдастыру	1		2	2				5
4	Модуль 4. Педагогтардың IT-күзыреттілігін дамыту	2		2			2	2	8
4.1	Қашықтан оқыту сервистері: Zoom, Microsoft Teams, Google Meet, Free Conference, BlueJeans және т.б., oріq.kz, Daryn.online, Online Мектеп және т.б., АіТube медиахостингің, YouTube бейнехостингітегі бейнересурстарын және ЖИ оқыту технологияларын пайдалану.	1		2			1		4
4.2	Тарих пәнін оқыту үшін цифрлық ресурстарды пайдалану жолдары	1		2			1		4
5	Модуль 5 Педагогтің кәсіби қызметінің нәтижелерін ұсыну, зерттеу дағдыларын қалыптастыру		2	2	2			2	8
5.1	Авторлық білім беру бағдарламаларын әзірлеу. Ғылыми жобалар әзірлеу.		2	2	2			2	8

Ескерту: 1 академиялық сағат – 50 минут

6. Оқу процесін ұйымдастыру

6.1 Курс бағдарламасы ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайтын күндізгі және қашықтықтан оқу режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес ұйымдастырылады.

6.2 Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарына сәйкесі курс екі кезеңнен тұрады: күндізгі оқу (офлайн-off-line) – 30 сағат), қашықтықтан оқу (онлайн-online) – 50 сағат. Курс бағдарламасы біліктілікті арттырудың күзыреттілік

моделіне бағытталып, заманауи білім беру технологиялары мен интерактивті оқыту формаларын пайдалану арқылы қол жеткізілген іс-әрекет тәсілдерін көздейді.

6.3 Күндізгі және қашықтықтан оқу режимінде тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау мақсатында өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы өткізіледі. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалар, жоба жұмыстарының тақырыптары курстың оқу-тақырыптық жоспарына енгізілген.

7. Бағдарламаларды оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Модуль 1: Білім беру процесінің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық әдістемелік негіздері

Модульдың құрылымы: ұзақтығы – 4 сағат (дәріс– 2 сағат, тәжірибелік сабақ – 2 сағат)

Модульдің мақсаттары мен міндеттері

Модульдің мақсаты: педагогтің білім беру қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау және түсіндіру.

Модульдің міндеттері:

- тарих пәнінің оқу бағдарламасы мен орта мерзімді жоспар, қысқа мерзімді жоспар құрылымының ерекшеліктерін анықтау;
- білім беруді дамытудың стратегиялық бағыттарын жүзеге асырудағы өзекті мәселелерге түсінік беру;
- заманауи білім беруді дамытудың нормативтік актілердің мақсаты мен міндеттерін, талаптарын жүзеге асыру бағыттары жайлы қарастыру;
- жалпы орта білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін талқылау;
- педагогтерді аттестаттаудан өтудің қағидаттарын талқылау.

2) Модульдің қысқаша мазмұны

Пәннің оқу бағдарламасы маңызды жергілікті нормативтік құжат, мектептің білім беру бағдарламасының ажырамас бөлігі болып табылады. Ол мұғалімге білім беру процесін жоспарлауға, ұйымдастыруға және басқаруға мүмкіндік беретін құрал ретінде қызмет ететіндіктен, оқу бағдарламасының құрылымын, ондағы мақсат пен міндеттерді, оқытудың белсенді әдістері мен тәсілдері, бағалау жүйесі туралы толыққанды қарастыру.

Қоғам алдында мектеп мұғалімдерінің мәртебесін көтеруге байланысты «Педагог мәртебесі» туралы Заңының мәні мен негізгі ережелерін, мұғалім Заң жайлы пені білуі және түсіну керектігін қарастыру.

Оқу жоспарының құрылымын, пән бойынша оқу бағдарламаларын, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарларды талдау. Критерийлер мен дескрипторлардың айырмашылығын, қалыптастырушы бағалауға негізделген бағалаудың маңыздылығын тереңірек түсіну.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2023 жылдың 05 қазандағы Республикалық педагогтер съезінде баса назар аударған білім беру саласындағы жеті өзекті мәселені талдау (ұстаздар біліктілігін арттыру; балаларға заманға сай озық білім беру; мектептегі орын тапшылығын жою; мектеп ең қауіпсіз орынға айналуға тиіс, қала мен ауыл мектептеріндегі білім сапасының теңсіздігін жою; білім беру үдерісін цифрландыру қарқынын жеделдету; оқушыларға озық біліммен қатар өнегелі тәрбие беру керек).

Білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының қолдану аясы мен білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптерін қарастыру. Сапалы білім беруді дамытудың мақсаты мен оны жүзеге асыруда атқарылатын міндеттері және білім беру деңгейлеріне қойылатын талаптарды түсіндіру.

3) Күгілетін нәтиже

Курс соңында 1- модуль бойынша тыңдаушылар:

- Сапалы білім беруді дамытудың нормативтік аспектілері бойынша нормативтік құжаттар туралы түсіндіреді;

- Білім беруді дамытудың стратегиялық бағыттарын жүзеге асырудағы өзекті мәселелерді қолдана алады;

- Тарих пәнінің оқу бағдарламасы мен орта мерзімді жоспар, қысқа мерзімді жоспар құрылымының ерекшеліктерін біледі.

Модуль 2: Тәрбие және психологиялық-педагогикалық зерттеу аспектілері

Модульдың құрылымы: ұзақтығы – 6 сағат (дәріс -3 сағат, семинар – 3 сағат)

1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері

Модульдің мақсаты: Табысты оқыту аясында тәрбие құндылықтары мен балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау шараларын сабақ мазмұнына кіріктіруді анықтау.

Модульдің міндеттері:

- ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған тәрбие бағдарламасын талдау;

- тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда білім алушылардың жас ерекшелігінің маңыздылығы анықтау;

- құндылықтарды сабақ жоспарына кіріктірудің маңыздылығын анықтайтын тапсырмалар құрастыру;

- табысты оқыту аясында сыныптағы ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыру жолдарын ұсыну.

2) Модульдің қысқаша мазмұны

Президент Қ.Тоқаев: «Оқушыларға озық біліммен қатар өнегелі тәрбие беру керек. Мемлекеттің тірегі – адал азаматтар. Елімізде осы қағидаға негізделген жаңа қоғамдық этика орнығуға тиіс. Мектеп ізгілік қағидаларын, адамзатқа ортақ құндылықтарды балалардың бойына сіңіретін орталыққа

айналуы керек- деп 2023 ж. 05 қазандағы Республикалық педагогтер съезінде тәрбие мәселесіне баса назар аударған болатын. Осыған байланысты курс барасындағы негізгі тақырыптарда ұлттық құндылықтарға тоқталып, сол құндылықтарды пәннің мазмұнына қалай кіріктіру керектігін қарастырып, сыныптағы ЕББҚ оқушыларға қатысты тапсырмаларды әзірлеу жолдарын қарастыру көзделіп отыр.

Мұғалімдерді аттестаттауға дайындау арқылы кәсіби біліктілігін арттырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері жайында теориялық мағлұмат беріледі.

Жеке жұмыс ретінде педагогтерге сауалнама жүргізу, сол арқылы психологиялық ахуалын анықтау, соған сай қолдау көрсетіп, бір-бірімен тәжірибе алмасады.

3) Күтілетін нәтиже

Курс соңында 2- модуль бойынша тыңдаушылар:

- тәрбиеге бағытталған бағдарламаны сипаттайды;
- сыныптағы оқушылармен жұмыс жасауда психологиялық-педагогикалық әдістердің тиімділігін арттыра алады;
- ұлттық құндылықтарды сабақ мазмұнына кіріктіреді;
- сыныптағы ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастырып, қажетті тапсырмаларды құрастырады.

Модуль 3. Білім беру сапасын арттыру контекстінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру

Модульдың құрылымы: ұзақтығы – 54 сағат (дәрістер -12 сағат, вебинар - 8 сағат, тәжірибелік сабақ – 10 сағат, жоба -6 сағат, семинар – 10 сағат, тыңдаушылардың өздігінен білім алуы -2 сағат, тренинг – 6 сағат)

Модульдің мақсаттары мен міндеттері:

Модульдің мақсаты: сапалы білім беру үшін тарихты оқыту формалары мен нәтижеге бағытталған белсенді әдіс-тәсілдерімен таныстыру.

Модульдің міндеттері:

- тарихты оқытуда пәнаралық байланысты жүргізудің әдістемелік ерекшеліктерін анықтау;
- оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мен дамытуға бағытталған «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің тапсырмаларын әзірлеу;
- тарихи құжаттамен жұмыс әдістерінің ерекшеліктерін анықтау;
- инклюзивті білім беру әдістерін меңгеру, тарих пәні бойынша оқу бағдарламаларын бейімдеу, STEM оқыту технологиясын әдістерін талдау;
- тарихи процестің заңдылықтары туралы түсінікті қалыптастыру мақсатында оқыту әдістерін анықтау;
- оқушылардың білімі мен дағдыларын бағалау критерияларын әзірлеп, қолдануды үйрену;
- курс тыңдаушыларында қалыптасқан кәсіби күзінеттілік деңгейін анықтау (жоба).

2) Модульдің қысқаша мазмұны

«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерін оқытудағы әдістер мен тәсілдер туралы білімін жаңартады және тарихи контексте функционалдық сауаттылықты қолдану дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар, тарихты оқытудағы негізгі құзыреттіліктерді: тарихи ойлау, сыни тұрғыдан ойлау, коммуникативтік дағдыларын т.б дамыту.

Тарих контекстінде функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмаларды дайындау мен қолдануды қарастырады.

Тарих пәнінде STEM оқыту құралдарын пайдалану арқылы көрнекілік және көрсетілім әдістерінің ерекшеліктерін анықтап, STEM-тарихи мәліметтермен жұмыс жасауды меңгереді. Мектептегі тарих пәнінің әр сынып бойынша қиындық тақырыптар жайлы мәліметтер беріліп, жоспарлап түсініктерін нақтылайды.

Пән бойынша тарихи кезеңдік аспектілерді оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін игереді.

3) Күтілігін нәтижелер:

Курс соңында 3- модуль бойынша тыңдаушылар:

- тарихты оқытуда пәнаралық байланысты жүргізудің тиімді әдістерін меңгереді;

- оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мен дамытуға бағытталған тарих пәні бойынша тапсырмаларды әзірлейді;

- тарихи құжаттармен жұмыс жасау әдістерін меңгереді;

- бағдарламаны игеруге бағытталған педагогикалық тәсілдер мен оқу материалдарын қолданады, оқу жетістіктерін бағалайды;

- оқушылардың білімі мен дағдыларын бағалау критерияларын әзірлейді және қолданады;

- әдістемелік ұсыныстарды, жобаларды әзірлеу, семинар мен шеберлік сабақтарды ұйымдастыруды меңгереді;

- білім беру сапасын арттырудың ұтымды жолдарын ұсынады.

Модуль 4. Педагогтардың IT-құзыреттілігін дамыту

Модульдың құрылымы: ұзақтығы – 8 сағат (дәріс – 2 сағат, тәжірибелік сабақ – 2 сағат, тыңдаушылардың өздігінен білім алуы – 2 сағат, тренинг – 2 сағат).

Модульдің мақсаттары мен міндеттері:

Модульдің мақсаты:

Тарих пәні мұғалімінің ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігінің технологиялық құрамдас бөлігін және ақпараттық мәдениет элементтерін қалыптастыру.

Модульдің міндеттері:

- онлайн платформаларды, мобильді қосымшаларды, әртүрлі бағдарламаларды оқу материалдарын құру және оқу процесін ұйымдастыруда пайдалану;

- онлайн оқытуды ұйымдастыру және өзара әрекеттесуде цифрлық платформаларды игеру;
- тарихи деректер қоры, карталарды, графиктерді, т.б материалдарды құрауға арналған бағдарламаларды меңгеру;
- бейнесабақтар мен онлайн курстарды құрастыру және ЖИ платформасында жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру.

2) Модульдің қысқаша мазмұны

Тарих пәні мұғалімдерінің IT-құзыреттілігін дамытуды қарастырады. Әр оқушының бейіміне қарай IT технологияларды пайдалану арқылы тарихты оқыту процесін жетілдіреді. Білім беру процесінде онлайн платформалар: виртуалды сыныптар, форумдар, ЖИ көмегімен білім алушының бейімдігіне бағытталған.

3) Күтілетін нәтижелер

Курс соңында 4- модуль бойынша тыңдаушылар:

- оқу материалдарына байланысты тапсырмаларды әзірлейді;
- білім беру үрдісінде цифрлық ресурстарды, мобильді қосымшаларды қолдануды меңгереді;
- ақпаратты іздеу, деректерді талдауда цифрлық білім беру ресурстарын қолдануды меңгереді;
- тарих пәнінде білім берудің электронды құралдары мен білім беру платформаларымен жұмыс жасай алады;
- бейнесабақтар мен онлайн курстарды әзірлейді.

Модуль 5. Педагогтің кәсіби қызметінің нәтижелерін ұсыну, зерттеу дағдыларын қалыптастыру

Модульдың құрылымы: ұзақтығы – 8 сағат (вебинар – 2 сағат, тәжірибелік сабақ – 2 сағат, жоба – 2 сағат, тренинг – 2 сағат).

Модульдің мақсаттары мен міндеттері:

Модульдің мақсаты: Тарих пәні мұғалімінің педагогтік қызметінде авторлық бағдарлама мен жобалар әзірлеуді және қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Модульдің міндеттері:

- тарихи деректерді талдауға, әртүрлі көзқарастарды салыстыруға, қорытынды-тұжырым жасау қабілеттерін дамыту;
- оқыту бағдарламасына жаңа тақырыптар мен әдістерді енгізуді меңгеру.

2) Модульдің қысқаша мазмұны

Тарих пәні мұғалімдерінің авторлық білім беру бағдарламасын әзірлеу, ғылыми жобаларды жазу маңызды дағды болып табылады. Модульде педагог білімін жетілдіру, жаңа әдістер мен тәсілдерді үрету, оқу бағдарламасына жаңа тақырыптар мен әдістерді енгізу ерекшеліктері қарастырылады. Авторлық бағдарламаның және ғылыми жобалардың үлгілері, құрылымы, элементтері мен оның әдістемелік қамтамасыз етілуіне назар аударылады.

3) Күтілетін нәтижелер:

Курс соңында 5- модуль бойынша тыңдаушылар:

- зерттеу әдістері, деректерді жинау және талдау ережелері туралы білімдерін қолдана біледі;
- аторлық бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу дағдыларын көрсете алады.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Жоба қорғау

Жобаның құрылымы

Жобалық жұмысты 2-3 мұғалім құрайды. Әр топ өз жобасын дайындайды.

Жоба келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

Титулдық бет (ұйымның атауы, әзірлеушінің Т. А. Ә., жылы, қаласы көрсетіледі).

Мазмұны (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, қосымша).

Кіріспе (таңдалған тақырыптың өзектілігін негіздеу, жұмыстың мақсаттары мен міндеттері, пайдаланылатын көздер, негізгі проблеманың тұжырымдалуы мен қысқаша сипаттамасы).

Негізгі бөлім (кіріспеде қойылған мәселе дәйекті түрде ашылады, көз материалдарында оны шешу жолдары қадағаланады, дәлелді позиция көрсетіледі, оған әртүрлі көзқарастар сипатталады және автордың оларға қатынасы көрсетіледі).

Қорытынды (жобаның ұсынылған мақсаты мен міндеттеріне сәйкес зерттеудің басты қорытындылары шығарылады, қорытылған қорытындылар жасалады немесе зерттеу нәтижелерін нақты пайдалану бойынша практикалық ұсынымдар беріледі).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Қосымшалар (қажет болған жағдайда).

Слайд түріндегі таныстырылым.

Жобаны бағалау тәртібі:

Теориялық және практикалық бөлім көлемі;

Тақырыптың жаңалығы мен өзектілігі

Креативтілік;

Нақты мәселелерді шешу үшін білімді қолдана білу;

Өз мәтіні мен презентациясын қысқаша, тақырыпқа барабар жасай алуы.

Жобаны бағалау критерийлері

№	Бағалау критерийлері	Балда	Түсініктемелер
1	Зерттеу проблемаларын тұжырымдау. Проблемалардың маңыздылығы мен өзектілігі	10	
2	Қойылған проблемалардың жоба мақсаттары мен міндеттердіне сай келуі	15	

3	Жоба мазмұнын құрылымдау: кисынддылығы мен дәйектілігі	10	
4	Жоба тақырыбы мазмұнының сай болуы: - проблеманы ашу деңгейі; - жоспарға сай болуы.	20	
5	Жұмыстың келешегі: - жұмыс нәтижелерінің практикалық маңызы;	15	
6	Жобада инновациялық ұстанымдарды қолдану	10	
7	Шешендік шеберлік	5	
8	Сұрақтарға жауаптар	5	
9	Шығармашылық ұстаным	10	
	Балдар саны	100	

Жоба жұмысының таныстырылымдарын бағалау үшін келесі өлшемдер бөлінеді:

«5» (өте жақсы) рейтингі 90-100 балл аралығында белгіленді.

«4» (жақсы) рейтингі 70-89 баллға сәйкес келеді.

«3» рейтингі (қанағаттанарлық) жалпы 50-69 баллға сәйкес келеді.

Жоба үшін максималды балл саны - 100 балл.

Жоба презентация түрінде таныстырылады.

Ықшам сабақ

Ықшам сабақты жоспарлауға қойылатын талаптар:

Мақсаты – оқу пәні бойынша жаңартылған бағдарламаға сәйкес педагогикалық ұстанымдарды, критериалды бағалау жүйесін түсіну мен қолдануды бағалау.

1. Оқу мақсатына сай болуды бағалау:

- ықшам-сабақтың мақсаты оқу мақсатымен келісілген;
- пән ерекшелігіне бағдарлануды бағалау;
- мақсаттар SMART форматында тұжырымдалған.

2. Білім алушылардың жетістіктерін қолдау үшін формативті бағалау:

- оқу пәнінің тақырыбына сәйкес оқудың белсенді әдістерін қолдану;
- сабақ мақсатына жетуге ықпал ететін тәсілдер;
- оқу процесінде білім беру субъектілерін таратуға бағытталған әдістер

мен тәсілдер.

3. Саралау әдістерін таңдау:

- білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, сараланған тапсырмалар әзірлеу;
- тапсырмаларды саралау тәсілдері.

4. Бағалау критерийлері:

- 0 – «дәлелдер ұсынылмады», 1 – «дәлелдер әлсіз», 2 – «дәлелдер күшті», 3 – «дәлелдер өте күшті» (әрбір критерий бойынша ең жоғары балл – 3).

Қорғаудың ұзақтығы: 5-10 мин.

Шағын сабақтың таныстырылымын бағалау үшін келесі критерийлер пайдаланылады:

№ №	Бағалау критерийлері	Балл
1	Сабақтың мақсаты оқу масатымен сәйкес және SMART форматында құрылған.	15
2	Белсенді әдістер тапсырманы орындатуға және оқыту мақсатын іске асыруға бағытталған.	15
3	Қалыптастырушы бағалау оқыту нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді.	10
4	Оқушылардың қажеттіліктерін есепке алу. Саралау тәсілдерін қолдануы.	15
5	Ресурстарды пайдалану, оның ішінде АКТ.	20
6	Баяндаудың қол жетімділігі мен қисындылығы.	15
7	Тайм-менеджментті сақтау.	10

Тыңдаушылардың ықшам сабақты таныстыру бойынша білімін бағалау баллдарды бес балдық жүйеге ауыстыру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) «Өте жақсы»: 90-100 ұпай;
- 2) «Жақсы»: 70-89 ұпай;
- 3) «Қанағаттанарлық»: 50-69 балл.

9. Курстан кейінгі қолдау

Біліктілікті арттыру үдерісінде алған білім мен іскерлікті оқыту тәжірибесінде қолдану педагогта әдістемелік қолдау қажеттілігін тудырады.

Мүғалімдерді курстан кейінгі сүйемелдеу куратормен онлайн консультациялар, іс-шаралар, конкурстар, түрлі байланыс құралдарын (электрондық пошта, әлеуметтік желілер (Facebook, WhatsApp және т.б.), сервистерді (YouTube, Zoom. т.б.) қолдана отырып жарыстар өткізу арқылы жүзеге асырылады:

- Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-дың ғылыми-практикалық конференцияларына педагогтардың қатысуы;
- Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-дың оқу-әдістемелік іс-шараларына (семинарлар, вебинарлар, әдістемелік десанттар және т. б.) педагогтардың қатысуы;
- жеңімпаздар лигасының қызметіне педагогтардың қатысуы;
- мүғалімдердің виртуалды тәлімгерлер мектебіне қатысуы;
- ғылыми-әдістемелік және әдістемелік журналдар мен басылымдарға педагогтердің мақалаларын жариялау;

- әдістемелік материалдарды бірлесіп әзірлеу.
- ЖОО-да ұйымдастырылатын әдістемелік олимпиада, байқау т.б. қатысу.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. [Электрондық ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. ҚР-ның 11.07.1997 ж. №151 «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы, Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 Заңы. [Электрондық ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151>
3. Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ Заңы. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>
4. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. [Электрондық ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. [Электрондық ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>
6. «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығы. [Электрондық ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020551>
7. «Педагог мәртебесі туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагог мәртебесі, мұғалім мен оқушыға жүктемені төмендету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 28 қаңтардағы № 13-ө окімі. [Электрондық ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/R2000000013>
8. Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 Бұйрығы. [Электрондық ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008170>
9. Шоган В.В. Методика преподавания истории в школе: учебное пособие

для вузов/ В.В.Шоган, Е. В. Сторожакова. — 2-е изд., перераб. и доп. — Москва: Издательство Юрайт, 2024. — 433 с.

10. Хораськина Р.И., Шувалова Е.М. Теория и методики обучения истории: Учебно-методическое пособие / Р.И. Хораськина, Е.М. Шувалова. — 2-ое изд., перераб. и дополн. — Казань: Казан. ун-т, 2023. — 87 с.

11. Ахметова Г. М. Методика преподавания истории в высшей школе: учебное пособие / Г. М. Ахметова. - Усть-Каменогорск: Берел ВКГУ, 2015. - 169 с.

12. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқыту әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы /«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 188 бет.

13. Битэм Э. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу: [оқулық] . - Алматы: Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры, 2019. - 328 бет. - (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).

14. Боресков А.В. Компьютерная графика учебник и практикум для прикладного бакалавриата / А. В. Боресков, Е. В. Шикин. - М. Юрайт, 2018. - 219 с.

15. Завалко Н.А. Современные педагогические технологии: [учеб. для вузов] / Н. А. Завалко, С. Г. Сахариева. - Алматы: Эверо, 2015. - 304 с.

16. Гарскова И.М. Историческая информатика. Эволюция междисциплинарного направления. -СПб.: Алетейя, 2018.- 408 с.

17. Қозғамбаева Г. Б. Тарихты оқыту әдістемесі: оқу құралы - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 260 бет.

18. Мүгалімге арналған нұсқаулық. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы негізінде әзірленген. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2016

19. Чекетаева Р.С., Калимолдина Ж., Оскембай А. Тарихты оқытудағы инновациялық әдістер: оқу құралы.- Оскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берел» баспасы, 2020. - 96 бет

20. Алимгазинов К. Современные технотронные источники: информационный анализ исторических гипертекстов. Алматы: Елтаным, 2018. - 360 бет.

21. Дауесова А. Ж. Тарихты оқытуда белсенді және инновациялық әдістерді қолдану //Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің хабаршысы. – 2018. – с. 191.

22. Сейткалиева А. К. Білім жүйесінде инновациялық әдіс-тәсілдерді қарқынды пайдалану //Педагогическая наука и практика. – 2022. – №. 1 (35). – С. 111-113

23. Методика преподавания истории: учебное пособие /.: Г.Б. Қозғамбаева, Н.К. Алпысбаева. –Допол. Втор, изд. –Алматы: Қазақ университеті, 2016. -260 с.

24. Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы: Оқулық. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.- 336 бет
25. Мұғалімге арналған нұсқаулық /тиімді оқыту мен оқу/. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2016. -201 б.
26. STEM білімді енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. – 2017, - 160 б.
27. Цифровая история: учебное пособие / [О. Л. Липницкая, Е. Э. Попова]. - Минск: Изд-во БГУ, 2016. - 156 с.
28. Шваб К. Төртінші индустриялық революция: [оқулық] / К. Шваб. - Астана: Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры, 2018. - 200 бет
29. Нургалиева Г.К. Достижения в области информатизации образования - объективная основа реализации ДО в Казахстане. Центральная Азия. Коммуникации и Информация. Усиление Сетей Дистанционного Образования в Центральной Азии. /Электрондық ресурс/<http://www.dlnet.unesco.kz/index-rus.html>
30. Шапиев, Д. С. Цифровые образовательные ресурсы в деятельности учителя / Д. С. Шапиев. - Текст: непосредственный, электронный // Молодой ученый. — 2019. — № 16 (254). — С. 296-298. — URL: <https://moluch.ru/archive/254/58204/>
31. Азимбаева Г.Ж. Қазақстан тарихынан білім сапасы мен білікті жетілдірудегі жаңа технологиялар (орта ғасырлардағы мәдениет тарихы): пед. ғылымд. канд.... дис. Баранов В. Автореф.: қорғалған 04.07.07 – Алматы, 2007.- 26 б.
32. Қырғызхан Г.А. Заманауи мектептің 5-7 сыныптарында Қазақстан тарихын оқытудағы цифрлық технологияларды қолданудың теориялық және практикалық мәселелері: Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация – Алматы, 2007.- 74 б.
33. ЖОО-ғы гуманитарлық білім беру технологиялары/ О.В.Акулова, А.А.Ахаяни др./ Под ред. С.А.Гончарова. Отв.ред. И.Ю.Гутник. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И.Герцена, 2007. – 174 с.
34. Рефлексия – мұғалімнің оқыту және оқу тәжірибесін жетілдіру құралы: әдістемелік ұсынымдар/ Б.К.Ардабаева, Б.М.Утегенова. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталық, 2016.
35. 2023–2024 оқу жылында Назарбаев Зияткерлік мектептерінде NIS-Programme білім беру бағдарламасын іске асыру бойынша әдістемелік нұсқау хат. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы, 2023. – 369 б.

«Әлем тарихы және дінтану»
кафедрасының меңгерушісі
 Орынбасарова Г.Ж.